

МАЛҒА деген камкорлықтың жемісі ғой, дерсіз, «Талды» қой совхозының басшылары ақсақ қойларға арнап жаңа мекеме ашты. Оны орыс тілінде ЛСП, қазақша - ССП, яғни санитарлық-сауықтыру пункті деп атады. Бірақ, мұндағы жан біткен оны үш әріппен ЛСП деп атап кетті. Ал енді бұл мекеменің тізгінін кім ұстайды деген мәселеге келгенде директордың қалауы бірден Қадырғали Шәкіровка түсті.

- Қалай қарайсыз, Қадеке? - дейді совхоз директоры Байбол Қоспанов, - көпті көрген, мол тәжірибелі адамсыз. Мал жайын білесіз. Сізге осындай сенім артқалы отырмыз.

- Қайдан білейін, Байеке, - деп Қадакең былқ еткізді. - Сауат төмен. Есеп-қисапқа да шорқақтау едім. Дәрі-дәрмек жөнінен білетінім де тек қарбалке мен тотияйын ғана...

- Ол жағынан қам жеменіз. Керекті дәрі-дәрмек пен құнарлы жемді үйіп-төгіп беріп тұрамыз. Жұмысты мал дәрігерінің қол астында істейсіз.

- Қайдам енді... ойланып, ақылдасып көрелік, - деп қалды Қадекең «құнарлы жем» дегенді есіткенде, құлағы елең етіп. - Сау да мал емес, ауру малдың бабын табу деген де қиын іс қой.

Енді қайтсін. Шәкіровтың жеке меншігінде: үш құлынды бие, екі бұзаулы сиыр, жиырма тоғыз қой-козы, он сегіз қаз, оның үстіне... қоян-қосаяғы тағы бар. Қыс болса келе жатыр. Осында мал күні ертең қолға қарайды екен, оны үй төбесіндегі екі машина шөппен асырап болар ма... «Қой. Бес қап жем келсе - біреуін, он қап келсе - екеуін қамбаға домалата тастап отыра берсем болмай ма осы арада». Шәкіров бұдан әрі ойланған да жоқ, ешкімнен ақылдасқан да жоқ, конторды бір айналды да директорға қайыра келді:

- Мақұл, - деді ол, - сіздің онша да мұнша бір айтқан сөзіңізді жерде қалдырғаным әбестік болар, Байеке. Айтқаныңыз болсын.

- Ой, рахмет! - директор куанып кетті, - Малға шын жа-



АҚСАҚ ҚОЙЛАР ҚАРУСЕЛІ

ны аштың адам осылай болар, Қадеке!

Бұйрық берілді. Шәкіров ЛСП-ны қолға алды. Бырысқан-тырысқан көнтек, шойнадаған сарып, екі көзі әкірейіп аспанға қарап, шыр айнала секектеп жүрген айналма-жыңды бас-аяғы жүз елу тұякқа бастық. Малсақ адам емес пе, ол дәрігердің кеңесін де күтіп отырмады, бірден іске кірісті. Сарыптың бақайының арасына қарбалке құйып, көнтектің аузы-басына қарамай жағып ұршықтай үйірлді. Өзірге тек жыңдылар ғана қалып тұрған, өйткені оларды қай жерінен емдеп жазуды ол әлі де болса игеріп кете қойған жоқ. Бұл жағынан бар білетіні - жыңды қойдың миын жеме, жесең жыңданасың.

Директор ақсақ қойлар шаруашылығын алғаш рет келіп көрген бетте-ақ Қадекеңнің қызметіне қатты риза болды. ЛСП-дан алып же деп оған жиырма кило ет те жазып беріп кетті. Бірақ талай қазанның

құлағын тістеп көрген Қадекең мұны ЛСП-сынан алып жемеді. Қора шетінде әкірендеп тұрған жыңды қаратөбел бойдақты арбаға басып алып өзінің жақыны Шаканға әкеп берді де, оның отарынан кіріп жүріп бір кек ту қойды тандап алды.

- Мынаны, - деді ол Шаканға, қаратөбел бойдақты нұсқап, - осында екі-үш күн ұста да, сонан соң отарыңнан ауырған мал өкімінде бізге қайыра өткіз. Сонда менің де, сенің де есебіміз түгел.

Осыдан былай қарай директордың басқа жеке адамдарға да ЛСП-дан килолап ет босатқан рұқсат қағаздары келе бастады. Сау малдарды сақтап қалу үшін, әрине, шаруақор директор ең алдыменен ЛСП-ның өлмелілерін жұмсауға тиіс. Бірақ ет алушылар да ку екен, Қадекең салған қасқа жолға түсіп алды да, содан жазбай қойды: ЛСП-ның бір өлекесін ат үстінен іліп алыш, оны таныс қойшысына апарып тастап, одан нән қой алып кете берді.

Ал өлексе болса, ол екі-үш күннен кейін отардың ауырып қалған малы «өкімінде» ЛСП-ға қайта айналып келе берді. Мәселен, бір қаратөбел бойдақтың өзі жеті отарға барып қайтты. Сонымен ақсақ қойлар қаруселі осылайша айнала берді, айнала берді.

Екі айдан соң ЛСП-дан жазылып шығып қатарға қосылған және онда ауырып кеп түскен қойларға мал дәрігері - Алтай Айнабеков санақ жүргізгенде есеп мынадай боп шықты. Жазылып кеткен қойлар - жок; отарлардан ауырып келген қой саны - жиырма; директордың рұқсатымен етке босатылған ауру қойлар - жиырма. Ал Шәкіровтың қазіргі нақты қолындағы бары - баяғы сол жүз елу тұяқ.

Көріп отырсыздар, есепте ешбір ақау жоқ. Жүп-жұмыр! Өттең, тек қаратөбел бойдақ жөні ғана сәл түсінісіздеу, әйтпесе несің сұрайсыз, бәрі де қатып ақ кеткен еді. Неге десеңіз, жеті қойшының сөзіне қарағанда, олардан жыңданып ауырып ЛСП-ға жіберілгені - жеті қаратөбел бойдақ; ауырған қойларды ЛСП-ға таситын шофер қисық Отабаларовтың бұлардан әкелгені де-сол жеті қаратөбел бойдақ. Ал Шәкіровтың қолындағы қаратөбел бойдақ саны - біреу ғана. Сонда оның алтауы қайда? Демек, ет сұрағандарға үлестіріліп кеткені де!

Айнабеков пен Қоспановта үрей жоқ. Ауыл-аймақтан қой да емес, козы да емес, енді адам жыңданбаса жарар еді деп шошиды!

- Жыңды қойдың миын жеген тап осы Шәкіровыңыздың өзі боп жүрмесін! - дейді директор, күйіп-пісіп. - Әйтпесе дені сау адам осындай іс істер ме?!

Жоқ. ЛСП бастығын әзір еш пәле алар емес. Кенейі түгел. Екі езуі екі құлағында.

Істің әзіргі аяқалысы, міне осындай. Ал жыңды қойдың миын жеген кім? Шәкіров па, басқа ма? Бү жағын кесіп айту қиын. Әрі-беріден соң онда тұрған да не бар?.. Кім де болсын, тек жыңданбаса болды емес пе!

Жүсіп Алтайбаев.